



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8,  
Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс,  
тел.: 7 (7172 ) 743650, факс: 7 (7172 ) 743727  
e-mail: minzdrav@ds.m.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8, Дом  
Министерств, 5 подъезд,  
тел.: 7 (7172 ) 743650, факс: 7 (7172 ) 743727  
e-mail: minzdrav@ds.m.gov.kz

**Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
«Nur Otan» партиясы  
фракциясының мүшелері  
К. Мұсырманға  
З. Аманжоловаға  
Ә. Бектұрғановқа**

*2020 жылғы 26 ақпандағы  
ДС-59 тапсырмаға*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі орта медициналық қызметкерлерді даярлау сапасы мен мектептерді мейіргерлермен қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

*Интернаттық ұйымдар мен шағын жинақталған мектептерге жатпайтын орта білім беру ұйымдарындағы медициналық пунктін мейіргерлері санының нормативі мәселесі бойынша.*

Интернаттық ұйымдар мен шағын жинақталған мектептерге жатпайтын орта білім беру ұйымдарындағы медициналық пунктін мейіргерлері санының нормативтері «Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығымен (өзгерістермен) реттелмейді, «Денсаулық сақтау ұйымдарының үлгі штаттары мен штат нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 6 мамырдағы № ҚР ДСМ-65 бұйрығымен енгізілген.

«Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету нормативтерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 238 бұйрығына медициналық пунктін мейіргері лауазымына қамтамасыз ету нормативтерін енгізу жоспарлануда (кемінде 1 лауазым есебінен 500 білім алушыға дейін).

Сонымен қатар, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің № 138-р өкімін іске асыру шеңберінде «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрыққа білім беру ұйымдарының медициналық пунктін мейіргері лауазымы енгізілді (*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісілді, Әділет министрлігінде келісуде*).

Өңірлерден алынған деректерге сәйкес мектептердің мейіргерлермен және медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі жоғары. Медициналық пункттермен қамтамасыз ету Шымкент қаласында - 100%, Ақтөбе облысында-96%, Қызылорда облысында-95,8%.

*Орта медициналық қызметкерлерге дайындық сапасы және қажеттілік мәселесі бойынша.*

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтау басқармалары ұсынған деректерге сәйкес 2020 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша орта медициналық қызметкерлерге қажеттілік -8054 (4,5%) адамды құрады, оның ішінде ең жоғары қажеттілік Павлодар облысында-2465 (1,3%), Алматы облысында-1998 (1,1%), Қостанай облысында-1260 (0,7%).

Алайда, мейіргерлерге ең төмен қажеттілік Батыс Қазақстан облысында-25, Түркістан облысында - 37 және Шығыс Қазақстан облысында - 52 байқалады.

Республикалық бюджеттік бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша 005 «Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» ағымдағы жылы басым бағыттар бойынша 4352 орта медицина қызметкері өз біліктілігін арттырды.

Орта медициналық қызметкерлерді, оның ішінде мейіргерлерді даярлауды 87 медициналық колледж жүзеге асырады, олардың 26-сы мемлекеттік және 61-і мемлекеттік емес. Институционалдық аккредиттеуден 41 медициналық колледж өтті. 2019-2020 оқу жылында барлық мамандықтар бойынша білім алушылардың жалпы контингенті 69482 (36,8% мемлекеттік, 63,2% мемлекеттік емес) құрады, оның ішінде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша білім алушылардың үлесі – 34,2% (23795 адам). 2020 жылы бітірушілер саны барлық мамандықтарды ескере отырып - 21016 (42,5% мемлекеттік, 57,5% мемлекеттік емес) құрады, оның ішінде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша бітірушілердің үлесі 37,2% (7782 адам) құрады.

Республикада 2017 жылдан бастап медициналық колледждердің түлектерін бағалау енгізілді. 2017-2018 оқу жылында бағалау пилоттық режимде жүргізіліп, түлектердің орташа бағасы 51 балды құрады. Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы өткізген түлектердің білімі мен дағдыларын тәуелсіз бағалау 2018-2019 оқу жылында 70 балды құрады, 2020 жылғы түлектердің орташа балы-78,7 балл, бұл көрсеткіштердің жыл сайын жақсаратынын көрсетеді.

Медициналық білім беру ұйымдарын институционалдық дамыту мақсатында медициналық колледждерді жоғары медициналық колледждерге қайта ұйымдастыру жүзеге асырылуда. Республикада 37 (42,5%) медициналық колледж «жоғары медициналық колледж» мәртебесіне ие, оның ішінде 23 мемлекеттік және 14 жекеменшік. 2019-2020 оқу жылында мейіргер ісі бойынша қолданбалы бакалаврларды шығару 1002 адамды құрады, жұмысқа орналастыру көрсеткіштері-100%.

Бүгінгі таңда мейіргерлік қызмет мамандарын даярлау және қайта даярлау бойынша медициналық білім беру саласында оң ілгерілеулер бар. Еуропалық директиваларға сәйкес білім берудің барлық деңгейлеріндегі мейіргер кадрларын даярлау бағдарламалары қайта қаралып, әзірленді.

Жаңа стандарттарда «бакалавриат - магистратура – докторантура» мейіргерлерді даярлаудың білім беру бағдарламаларының сабақтастығы көзделген. Ақпарат тәртібінде енгізіледі.

**Министр**

**А. Цой**

*Орынд.: А. Наурызбаева  
тел.: 75 07 72*